

Н. Стамбакиев , **Р. Мухитдинов*** 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ДІНИ НЕГІЗДЕРІ: МУДАРАБА, МУШАРАКА ЖӘНЕ МУРАБАХА

XX ғасырда отаршылдықтан тәуелсіздігін жаңа алған мұсылман елдерінің көпшілігінде діни тағылымдарды қайта жандандыру тенденциясы көрініс тапты. Исламның өмірдің түрлі салаларын қамтыған әмбебап дін екендігі туралы жиі айтылып, ислам тағылымдарын қоғамның әлеуметтік-экономикалық саласында қолдану бастамалары көтерілді. Осындай ұлттық, діни бірегейлікті жандандыруға бағытталған ұмтылыстардың аясында қоғамдық талқыға алынған басты мәселелердің бірі елдегі өсімқорлықпен жұмыс істейтін батыстық үлгідегі банктердің қызметі болды. Мұсылман жұртшылығының өсіммен жұмыс істейтін дәстүрлі банктерге наразылығы шариғат талаптарына сәйкес балама қаржы жүйесін құру қажеттілігін тудырды. Бұл мақалада исламдық қаржы жүйесіне қатысты алғашқы теориялардың пайда болуына әсер еткен тарихи факторлар зерделеніп, теориялардың мән мазмұнына талдау жасалды. Атап айтқанда, өсімқорлықтың тыйым салыну себебі мен балама қаржы инструменті ретінде ұсынылған үлестік қатысу және борыштық қаржы өнімдеріне қатысты түрлі тұжырымдар мен пікірлерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Қаржылық делдалдық функциясын атқаратын ислам банктеріндегі үлестік қатысу мен борыштық қаржы өнімдерінің қолданылу ерекшеліктері талқыланды. Пайыздық несие мен бөліп төлеу саудасының ара-жігі ажыратылып, олардың шариғи үкімдерінің әрқелкі болуының себебі айқындалды. Ислам қаржы жүйесі уақыттың экономикалық құнын жоққа шығармайтындығы негізделіп, өсімқорлықтың харам болуының себебі қарыз беруші тараптың борышкердің жеке меншігін ешқандай материалдық қарымсыз иеленумен байланысты екендігі тұжырымдалды.

Түйін сөздер: исламдық қаржы, теория, өсімқорлық, исламдық қаржы өнімдер, мудароба, мурабаха, мушарака.

N. Stambakiyev, R. Mukhitdinov*

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

Religious basis of Islamic financial products: mudaraba, musharaka and murabaha

In the 20th century, after the most Muslim countries got their independence there was a trend towards the revival of religious values. It was often said that Islam is a universal religion covering various aspects of life, initiatives were put forward to apply Islamic teachings in the socio-economic sphere of society. One of the main issues discussed in society was the activity of conventional banks. The rejection of interest-based loans among Muslims that is offered in conventional banks necessitated the idea of creating an alternative financial system in accordance with the principles of Shariah. This article sheds light on the historical preconditions for the emergence of the first theories of the Islamic financial system and analyzes the semantic content of the theories. In particular, a comparative analysis was conducted to compare theories about sharing and debt creating contracts and the objectives of the prohibition of usury was studied. The efficiency of sharing and debt creating Islamic products in performing the financial intermediary function was discussed. One of the main research questions asked was: What are the factors that caused different rulings on interest-based loan and differed sale? It was concluded that Islamic finance does not reject the economic value of time and that the reason of the prohibition of usury is because it is unjustified increment taken from borrower's property.

Key words: Islamic finance, theory, usury, Islamic financial products, mudaraba, musharaka, murabaha.

Н. Стамбакиев, Р. Мухитдинов*

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

Религиозные основы исламских финансовых продуктов: мудараба, мушарака и мурабаха

В XX веке в большинстве мусульманских стран, вновь обретших независимость от колониализма, отразилась тенденция к возрождению религиозных знаний. Часто говорилось о том, что ислам является универсальной религией, охватывающей различные сферы жизни, выдвигались инициативы по применению исламских учений в социально-экономической сфере общества. Одним из главных вопросов, обсуждаемых в обществе на фоне стремлений к возрождению национальной, религиозной идентичности, стала деятельность банков западного типа. Недовольство мусульманской общественности традиционными банками, работающими с ростовщичеством, вызвало необходимость в создании альтернативной финансовой системы в соответствии с требованиями шариата. В данной статье изучены исторические предпосылки возникновения первых теорий исламской финансовой системы и проведен анализ смыслового содержания теорий. В частности, был проведен сравнительный анализ выводов и мнений касательно долговых финансовых продуктов и долевого участия и причин запрета ростовщичества. Обсуждены особенности долговых финансовых продуктов и долевого участия исламских банков, выполняющих функции финансового посредника. Определены причины разделения и разных шариатских хукмов (положений) касательно процентных займов и торговли в рассрочку. Заключено, что исламская финансовая система не отрицает экономической ценности времени, и что причиной запрета ростовщичества является тот факт, что заемщик владеет личным имуществом должника без каких-либо материальных обязательств на основании.

Ключевые слова: исламское финансирование, теория, ростовщичество, исламские финансовые продукты, мудараба, мурабаха, мушарака.

Кіріспе

Қазіргі кезде исламтану ғылымының ең өзекті салаларының бірі – исламдық қаржы жүйесі. Әу баста фикһ ғылымының бір тармағы саналған муғамалат мәліяның аясында қарастырылған исламдық қаржы жүйесі, ислам экономикасы қазір жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. Мұсылман елдерімен қатар өзге де елдерде исламдық қаржы жүйесі қолданысқа ене бастады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Ислам банктерін құру идеясының туындауына мұсылман елдерінің отарлықтан босап өздерінің діни бірегейліктерін қайта жаңғырту тенденциясы түрткі болса, өткен ғасырдың екінші жартысында араб елдерінің мұнай арқылы мол байлыққа кенелу үрдісі идеяның жүзеге асуына айтарлықтай үлкен септігін тигізді. 1970 жылдардан бастап мұнайдан түскен мол кіріс бірқатар Таяу Шығыс елдерінің халқын байлыққа кенелтіп, қолдағы артық қаражатты қайда инвестицияға құюға болады деген сұрақты күн тәртібіне шығарды. Мұсылман жұртшылығының инвестицияның шариғат талаптарына сәйкес бо-

луына деген жаппай сұраныс өз кезегінде ислам банкі төңірегіндегі теориялар мен идеялардың іске асуын қамтамасыз етті (Vogel, Hayes, 1998: 4,19). Алайда басталғанына 50 жылдан астам уақыт өткеніне қарамастан исламдық қаржы өнімдеріне қатысты шариғи негіздемелер әлі күнге дейін талқыға алынып келеді. Сала ғалымдары исламдық қаржы ұйымдарында ұсынылатын өнімдер турасында түрлі пікірлер білдіруде. Осы орайда исламдық қаржы өнімдеріне қатысты шариғи негіздемелерді салыстырмалы талдау тақырыптың таңдалуына негіз болды.

Ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты – ислам банктерінің қолдасындағы мудараба, мушарака және мурабаха қаржы өнімдерінің шариғи негіздемелерін зерттеп, салыстырмалы талдау жүргізу. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді қойдық: ислам банктерін құрудағы экономист және фақиһ ғалымдардың ұсыныстары мен көзқарастарына талдау жасау, оларды салыстыру; мудараба, мушарака және мурабаха исламдық қаржы өнімдерінің ерекшеліктерін айқындау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада ислам банктерінде ұсынылатын мудараба, мушарака және мурабаха қаржы

өнімдерінің шариғи негіздемелерін нақтылау үшін сипаттау әдісі қолданылды. Аталған исламдық қаржы өнімдерінің ерекшеліктерін айқындау мақсатында компаративистикалық талдау әдісі негізге алынды. Мақала екінші реттік деректерге сүйеніліп отырып жазылды. Зерттеу мәселесіне сала ғалымдарының көзқарастарын талдау барысында логика, тұтастық пен жүйелілік принциптері басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

А. Ислахи ислам экономикасының теориялық негізінің қалыптасуына үлес қосқан ғалымдар мен зерттеушілерді келесідей төрт кезеңге бөліп топтастырып қарастырады:

1) Кіріспе кезең жиырмамыншы ғасырдың бірінші ширегі ислам экономикасы саласындағы жазбаларға негіз болған бастапқы дайындық кезеңі болып табылады. Бұл кезең батыстық экономика жазбаларының араб, урду тілдеріне аударылып, мұсылман қоғамында әлеуметтік-экономикалық салалар қайта зерделене бастаған кезең.

2) Бірінші кезең 1926 - 1950 жылдар. Бұл кезең ислам экономикасы саласының алғаш рет ғылыми айналымға еніп, батыстық үлгідегі экономика жүйесіне қатысты жазылымдарға сыни талдау жұмыстарының жүргізіле бастауымен ерекшеленеді. Бұл кезеңнің өкілдері ислам экономикасы бойынша алғашқы қалам тербетушілер ретінде танылады. Олардың араларында экономистерден гөрі шариғат ғалымдарының саны басым болды.

3) Екінші кезең 1951-1975 жылдар. Бұл кезең салаға кәсіби экономистердің көбірек қосылуымен ерекшеленеді. Аталмыш кезеңнің өкілдері «ислам экономикасының пионерлері» деп сипатталады. Мамандарының қатарының көбеюі саланың дамуына үлкен серпіліс берді. Бұл кезең теориялық зерттеулермен қатар алғашқы исламдық қаржы институттарының бой көтеруімен ерекшеленді.

4) Үшінші кезең 1975-2000 жылдар. Бұл кезеңдегі зерттеушілердің көпшілігі өздерінен алдыңғы «сала пионерлерінен» дәріс алып жетілгендер. Аталмыш уақыт аралығында ислам экономикасына арналған ғылыми журналдар ашылып, сала бойынша зерттеу жұмыстарының саны арта түсті. Ислам экономикасына қатысты түрлі конференциялар мен кездесулер ұйымдастырылды, арнайы зерттеу орталықтары құрылды, жоғарғы оқу орындарында жеке кафе-

дралар ашылып ислам экономикасы пән ретінде оқытыла бастады.

5) Төртінші кезеңге 2000 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі зерттеушілер кіреді. Оларды жаңа дәуір немесе жас зерттеушілер деп атауға болады. Абдул Азим Ислахи өз мақаласында аталған кезеңдерге кіретін ғалымдар мен зерттеушілердің тізімін нақты келтіреді (Islahi, 2009: 165,170).

Ислам экономикасы туралы жазылған теориялық еңбектерді зерделей келе олардың көпшілігінің өсімқорлықтың діни үкімі мен оның экономикаға берер зиянын талдауға бағытталғандығын байқаймыз. Өсімқорлықтың харам болу себебіне қатысты түрлі түсіндірмелер ұсынылып, бұл мәселеде ғылыми ортада әркім пікірлер қалыптасты. Талқылаулар мен пікірталастар, әсіресе мына екі мәселенің төңірегінде өрбиді: 1) бөліп төлеу саудасынан түсетін табыс пен қарыздағы пайыздық өсімнің діни үкімдерінің әркім болуына негіз болған фактор неде? 2) Нақты мөлшері алдын-ала белгілі табыстың барлығы бірдей харам үкіміне ілігеді ме? Осы аталған сұрақтарға берілген жауаптардың әркім болуы исламдық қаржы саласында түрлі теориялардың қалыптасуына түрткі болды (Kahf, Khan, 1992: 21,22).

Исламдық қаржы жүйесінің негізінде жатқан принциптер мен теорияларды тереңінен түсінбеу исламдық қаржы жүйесі туралы түрлі қате түсініктердің қалыптасуына себеп. Исламдық қаржы жүйесіне қатысты қате немесе шала түсініктер басқа орталарды айтпағанда тіпті мұсылман қоғамында да жиі кездеседі. Мысалы, қарыздың үстінен өсім алуға болмайтындығы баршаға мәлім болғанымен өсімнің харам болу себебін түсіндіретін тұжырымдар мен болжамдар әртүрлі. Біреулер өсімнің харам болуына негіз болған элемент (ғиллә) қарыз мерзімін, яғни уақытты саудаға салу мәселесінде жатыр деп қарастырады. Осының негізінде уақытты құнға бағалауға болмайды, уақыт құнға әсер етпеу керек деген тұжырымды алға тартқан (Vogel, Hayes, 1998: 2). Мұндай тұжырым өсімқорлықтың тыйым салыну себебін терең түсінбеуден туындайды. Шын мәнінде, бұл тұжырымға салатын болсақ жалғыз өсімқорлық емес, тіпті бөліп төлеуге сатылған тауардың бағасына қосымша құн қосудың өзі тыйымға ілігіп кетеді. Ал қандай да бір тауардың бөліп төлеуге сатылғандағы (البيع الأجل) құнын қолма-қол алғаннан қымбатырақ етіп сату рұқсат етілген мәселе. Бөліп төлеу саудасында уақыт

– тауар құнының өсуіне тікелей әсер ететін фактор. Бұл өсімқорлықтың тыйым салынуындағы себеп уақыт емес өзге факторларға байланысты екендігіне дәлел. Шынында, қарыздың үстінен өсім алу мен тауарды бөліп төлеу негізінде сатқанда бағасын қымбаттату арасында ұқсастық бар деген күдік ерте заманнан көпшілікті толғандырып келе жатқан мәселе. Мұндай күдік ең алғаш Мұхаммед пайғамбар заманында Мәдина қаласында өмір сүрген иудейлерде туындаған. Дегенмен олардың күдіктеріне арнайы жауап ретінде Құранда мынандай аят түскен: *«Бұл олардың: «Сауда-саттық тура өсім сияқты», – деп айтқандығынан. Әйтсе де Алла сауда-саттықты адал, ал өсімді харам қылды»* (Бақара, 275). Бір қарағанда екеуі ұқсас көрінгенмен араларында үлкен айырмашылық бар. Бөліп төлеу саудасындағы тауардың бағасының артуына себеп болған негізгі фактор уақыттың өзі емес, уақыт арқылы өлшенетін тауарды пайдалану құқығында жатыр. Яғни сатып алушы тауардың құнын толық өтемей жатып оны өз игілігіне пайдаланады, демек ондағы тауар бағасының артуы затты пайдаланудың өтемі ретінде қарастырылады (Kahf, 2011: 124-126).

Негізінде, өсімнің харам болуының себебі қарыз беруші тараптың борышкердің жеке меншігіне ешқандай материалдық ақысыз қол сұғуында жатыр. Қарыз мәмілесі өздігінен жаңа экономикалық игілік (added value) тудырмайтындықтан, қарыз иесінің артық мөлшер алуы пропорционалды түрде борышкердің жеке меншігін кемітеді. Сондықтан шарифатта қарызға берілген меншіктің дәл сондай баламасы тең мөлшерде қайтарылуы талап етілген. Ал сауданың мәні мен құрылымы бұдан өзгеше. Саудаға түсетін заттар әр түрден болғандықтан, әрбір тарап өзінің қолында жоқ бір жаңа экономикалық игілікке қол жеткізеді. Экономикалық терминмен айтқанда саудада «gain from exchange – айырбас негізінде туындайтын экономикалық игілік» туындап, тараптардың әрқайсысы өзі ұсынған экономикалық игілігінің толық қарымын алады. Сондықтан саудада айырбасқа түскен әр түрлі заттардың мөлшерлері тең болуы талап етілмейді, заттардың құндық айырмасы тараптардың келісімі бойынша белгіленуіне рұқсат етіледі (Al-Suwailem, 2009: 318,319).

Ислам құқығын (фикһ) зерделеп қарайтын болсақ, онда уақыттың есесіне қосымша құн қосуға шектеу қойылмаған (Fahim Khan, 1991). Қайта керісінше ислам құқығында

«إِنَّ لِلزَّمَنِ نَصِيبًا مِنَ الثَّمَنِ – уақыттың бағаға әсер есетіндей өзіндік құны бар» деген қағида бар. Осының негізінде шарифатта тауарды қолма-қол сатқанда бір баға, белгілі бір мерзімге бөліп төлеуге сатқанда басқа баға тағайындауға рұқсат етіледі (Kahf, 2011: 28,32). Демек өсімнің тыйым салуының себебі қарыз мерзімін құнға балауда емес, жоғарыда айтылғандай оның еш қарымтасыз (بغير عوض) талап етілуінде. Бұдан исламдық қаржы жүйесіне қатысты ұсынылған теориялардың әрқелкі болуы өсімқорлықтың тыйым салынуының ғилласына (себебіне) қатысты түрлі түсіндірмелермен байланысты деген ой қорытуға болады.

М. Қахфтың айтуынша, алғашқы кездерде сала мамандарының арасында ислам экономикасының жүйесін құру үшін алдымен қаржы секторын ислам талаптарына сәйкестендіру керек деген ұстаным үстемдік етті. Нәтижесінде экономистер мен фикһ ғалымдарының теориялық жазбаларының дені ислам банктерінің құрылымы мен қызметтеріне бағыттталып экономиканың басқа аспектілері ескерусіз қалды. Мемлекеттің экономикалық саясатты жүргізу моделдері, қайырымдылық секторы мен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру сияқты өзге аспектілер тек кейінгі жылдары ғана зерттеле бастады (Kahf, 2004). Шынында өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарындағы теориялық еңбектерді зерделеу барысында ондағы бар екпіннің ислам банктерін құруға түскендігі айқын байқалады. Экономиканың басқа секторларының ескерілмегендігі ХХ ғасырдағы жазбаларда ислам банктерінің дәстүрлі экономикалық жүйелердің (сол уақытта қолданыста болған капиталистік немесе социалистік экономикалық жүйелер) құрамында құрылу жағдайының есепке алынбағандығынан көруге болады (Kahf, 2001). М. әл-Жархи де шектеулі деңгейде қолданыс тауып отырған зекет және уақып институттарын айтпағанда ислам экономикасының практикада жүзеге асырылып жатқан жалғыз саласы исламдық қаржы секторы деген пікір білдіреді (Al-Jarhi, 2013). Негізінде, ислам қаржы жүйесінің толыққанды дамуы ислам экономикасының өзге де секторларының кешенді түрде жетілуіне тікелей тәуелді.

Исламдық қаржы жүйесі жалпылама алғанда шарифат үкімдеріне негізделгендігіне қарамастан, оның жұмыс істеу механизмдеріне қатысты түрлі теориялар мен пікірлер бар. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін исламдық қаржы саласында көбіне «Profit Loss

Sharing – пайданы бөлісуші шығынды да бірге көтерісуі тиіс» теориясы басымдыққа ие болып келді. Есесіне клиенттерінің кәсібі сәтті-сәтсіз аяқталғанына қарамастан берген қарызын үстіндегі өсімімен бірге өндіріп алатын дәстүрлі банк жүйесі әділетсіз деген сынға ұшырады. Исламдық қаржы саласындағы алғашқы теоретиктерде, өсімге қарыз беру моделін алмастырушы жалғыз балама – «мудароба» және «мушарака» үлестік қатысу қаржы келісімдері деген түсінік үстемдік етті. Мудароба мен мушарака келісімшарттары банк пен клиенттердің арасында борыштық қатынастың орнына серіктестік байланыс орнататын ең тиімді әрі әділ қаржы өнімдері ретінде танылды. Себебі серіктестік байланыс нарықтағы түрлі тәуекелдерді тек қана қаржы алған кәсіпкердің мойнына жүктеп қоймай, орын алған шығынды салымшылар мен қаржы институттарының бірге көтерісуін қамтамасыз ету ерекшелігіне ие. Жиырмасыншы ғасырдағы Мухаммад Узайр, Абу Әғлә Маудуди, Ахмад Нажжар және Мухаммад Хамидулла сынды зерттеушілер экономикадағы жұмыссыздық, инфляция, кедейшіліктің кең таралуы, әлеуметтік теңсіздік пен экономикалық игіліктердің белгілі бір таптың арасында айналып жүруі секілді проблемалардың басты себебі өсімқорлықта деп түсіндірді. Сәйкесінше қаржы жүйесінен өсімді алып тастап орнына серіктестік қаржы инструменттерін енгізу аталмыш проблемалардың басты шешімі ретінде қарастырылды (Siddiqi, 2006). Ол кезеңде барлық екіпін серіктестік концепциясына түскендіктен бүгінгі ислам банктеріндегі мурабаха, ижара секілді саудаға негізделген қаржы өнімдері зерттеушілердің назарынан тыс қалды (Ismail, 2002).

«Profit Loss Sharing – пайданы бөлісуші шығынды да бірге көтерісуі тиіс» теориясын ұсынушылар мудароба және мушарака секілді үлестік қаржы өнімдерін ислам банктерінің активтік және пассивтік қаржы операцияларында бірдей қолданудың маңыздылығын алға тартты. Аталмыш тұжырымды жақтаушылардың пікіріне сәйкес банк активтік және пассивтік операцияларын борыштық міндеттемелерге (бұл көзқарасты жақтаушылар «борыштық міндеттеме» деп дәстүрлі банктердегі пайызға ссуда беру өнімімен қатар, ислам банктеріндегі мурабаха сынды борыштық міндеттеме тудыратын қаржы өнімдерін мақсат тұтады) емес, пайда мен шығынды істің нақты нәтижесіне байлайтын серіктестік қатынастарға негіздеген


кезде ғана толық ислами сипатқа ие болады (Dawaba, 2007: 22). Ресурстардың мудароба арқылы жұмылдырылып мудароба арқылы жұмсалу моделі «two-tiered – қосарланған мудароба мәмілесі» деп аталады. Дегенмен аталмыш теория банк секторында әлі күнге дейін тиісті деңгейде қолданыс таппады. Іс жүзінде мудароба мәмілесі ислам банктерінің пассивтік операцияларында қолданылумен шектелді. Яғни мудароба мәмілесі депозиттік шоттар ашу барысында салымшылардың қаражаттарын жинақтау үшін қолданылатын негізгі қаржы өнімі ретінде мойындалғанымен банктің активтік, яғни клиенттерді қаржыландыру операциялары жағында қолайсыз деп танылуда. Мушарака және мудароба мәмілелерінің банктің активтік операцияларында қолданылуға икемсіздігі оларға тән «moral hazard – қиянатшылық қатері (немесе ақылақтық тәуекел)» тәуекелімен байланысты. «Moral hazard» – банктен қаржы алған кәсіпкерлердің арам пиғылда болу, жауапкершілікті толық сезінбеу, сенімді ақтамау, бизнес нәтижелерін жасыру, өтірік алдау секілді моральдық-этикалық нормаларды бұзу қауіпі. Шарифат бойынша, мудароба келісімшарты арқылы қаржы алған тарап (мудариб) тек қана мына екі жағдайда ғана бастапқы капиталды орын алған шығында өтеп беруге міндеттеледі: 1) мударибтің келісімшарт талаптарын бұзғандығы дәлелденсе; 2) мударибтің жұмысқа немқұрайлы қарап салғырттық танытқандығы дәлелденсе. Ортақ жобаның сәтсіздікке ұшырауына аталған жағдайлардан тыс факторлар себеп болған кезде мудариб инвестордың бастапқы капиталын өтеп беруге кепілдік бермейді. Бұл ерекшелік мудароба арқылы қаржы алған жауапкершілігі төмен кәсіпкерлердің тікелей өз қателіктерінен орын алған шығынды өтеуден қашып, сәтсіздікті сыртқы факторларға жабу ықтималын тудырады (Mervyn, 2015: 155,157). Осы тұрғыдан алғанда ислам банкингіне қатысты алғашқы теориялар қалыптасқан кезде бастапқы капиталды қорғау мәселесі назардан тыс қалғандығы байқалады (Siddiqi, 2006: 6).

Сонымен қатар «Moral Hazard» тәуекелі тек инвестордың капиталын қатерге тігумен шектелмей, табысты бөлісу жағында да сенімсіздік тудырады. Себебі мудароба келісімшарты арқылы түскен табыс нақты белгілінген сома күйінде емес 40/60 немесе 70/30 деген секілді өзара келісілген пропорциялық қатынаста белгіленуі тиіс. Инвесторға төленетін табыс мөлшерінің нақты сомамен белгіленбеуі мударибтің нақты

табыс мөлшерін жасыруу секілді қиянатшыл әрекеттеге бару ықтималын тудырады.

Аталмыш жағдаяттар өз кезегінде үлестік қаржы өнімдерінен өзге де балама қаржы өнімдерін іздестіруге деген сұраныс тудырды. Нәтижесінде жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың басында зерттеушілердің назары банктің активтік операциясы жағында сауда мәмілелерін қолдану мүмкіндігіне қарай ауа бастады (Mervyn, 2015:156,157)(Iqbal, Molyneux, 2005: 126). Бұған Ислам Даму Банкінің алғаш рет мұрабаха сауда келісімін қаржыландыру операциясы ретінде қолдану тәжірибесі түрткі болды. Атап айтқанда 1976 жылы Ислам Даму Банкі мұрабаха сауда келісімі арқылы Алжирден өңделмеген мұнай сатып алып оны Бангладешке бөліп төлеу негізінде сатты. Бұл бастама профессор Сами Хамудтың Ислам Даму Банкіне келіп мұрабаха сауда келісімін қаржы өнімі ретінде қолдануды ұсынғаннан кейін орын алды. Аталмыш қаржы операциясы Ислам Даму Банкінің құрылғалы бері жасаған алғашы қаржы операцияларынан болды (Kahf, 2011: 205). Мұрабаха сауда келісімінің қаржыландыру құралы ретінде қолданысқа енуі ислам банктеріне жаңа серпіліс берді. Ислам банктерінің қолданыс айналымына енген «мұрабаханың» фикһ кітаптарында аталған классикалық мұрабаха сауда түрінен өзіндік айырмашылықтары бар. Фикһтағы классикалық

мұрабаха – сатушының тауардың бастапқы құны мен үстіне қосқан үстеме бағасының мөлшерін ашып айтуын білдіреді. Ал ислам банк жүйесіндегі мұрабахада – клиент банкке белгілі бір тауарға тапсырыс беріп кейін оны банктен алдын ала келісілген бағаға сатып алуға уәде береді. Клиенттің тапсырысы бойынша банк аталған тауарды бірінші өзіне сатып алып, кейін оның үстіне қосымша құн қосып клиентке бөліп төлеуге (теориялық тұрғыда алғанда клиент банктен тауарды қолма-қол төлем арқылы алуы да мүмкін. Бірақ ислам банктерінде бұл транзакция әдетте бөліп-төлеу арқылы жүзеге асады. Себебі клиенттің банкке жүгінудегі себеп тауар құнын бірден төлеу мүмкіндігінің болмауы) келісіп сатады. Аталған екі форманы салыстырғанда классикалық мұрабаха екінші түрге қарағанда әлдеқайда қарапайым. Екінші түрінде мұрабахаға тән заттың бастапқы құнын айтып сату элементінен бөлек, тауарды алдын ала келісім негізінде сатып алып оны клиентке қайта сату, бөліп төлеу секілді қосымша элементтерді қамтиды. Сондықтан оның негізгі толық атауы «بيع المرابحة للأمر بالشراء», яғни «сатып алуға сұраныс білдірген клиенттің тапсырысы бойынша жүзеге асатын мұрабаха саудасы». Ислам банктерінің қолданысындағы түрленген мұрабаханың механизмі № 1 графикте (авторлар әзірлеген) келтірілген құрылымға ие:



№ 1 график – Ислам банктерінің қолданысындағы түрленген мұрабаханың механизмі

Әдетте исламдық қаржы саласында мұрабаха термині аталғанда классикалық түрі

емес аталмыш қаржылық мұрабаха түсініледі. Мұрабаханың классикалық және исламдық

қаржы жүйесіндегі түрленген формасына жалғыз ортақ сипат – тауардың бастапқы құны мен үстеме бағаның сатып алушы тарапқа белгілі болуы (Тақи Usmani, 1998).

Сала мамандары мен ғалымдар арасында үлестік қатысу мен борыштық қаржы өнімдерінің бір-бірінен артықшылықтары тұрғысындағы пікірталас әлі күнге дейін жалғасып келеді. Ғалымдардың бірі үлестік қатысу қаржы өнімдерін артық санаса, екінші бөлігі борыштық қаржы өнімдеріне басымдық береді.

М. Чапра (Chapra, 1985: 68,72), А.Ахмад (Ahmad, 1993: 19), Т.Усмани (Usmani, 1998), А. Али және Т. Хуссайн (Ali, Hussain, 2016: 119,127) ислам банктері қаржылық делдалдық қызмет сауда-борыштық қатынастан гөрі үлестік қатысу қаржы өнімдерін қолданған кезде экономика тұрақты әрі қарқынды дамиды деген тұжырымды алға тартады. Мұндай тұжырымды жақтаушылардың айтуынша ислам банктері үлестік қаржы өнімдерін іске асыруды қолға алған кезде ғана дәстүрлі банктерден өзгешеленді (Siddiqi, 2006: 6).

Үлестік қатысу өнімдерінің артықшылығын айтушылардың бірі Ә.Дәууаба ислам банктерін алғашқы теориялық негіздерден ауытқып кетті деп сынап, ислам банктері мурабахадан гөрі мушарака және мудароба қаржы өнімдерін көп қолдануы керек деген пікір білдіреді. Дәлел ретінде ислам банктерінің моделін құрған алғашқы теоретиктер мушарака және мудароба мәмілелерін ислам банктерін дәстүрлі банк жүйесінен ерекшелетін негізгі қаржы өнімі ретінде ұсынғандығын алға тартады (Dawaba, 2007:22,23).

Ә. Дәууабаның көзқарасын зерделетін болсақ оның пайымдауынша ислам банкі қаржы ресурстары арқылы түрлі бизнес жобаларын инвестициялап, капиталын нарықтағы қатерлерге тігуі қажет. Мұндай көзқарас көбіне өсімқорлықтың тыйым салынуының себебі ссудалық пайыздың алдын ала кепілдендірілген табыс болғандығында деген түсініктен туындайды. Өсімнің тыйым салынуының себебін осылай түсінгендер нарықтағы тәуекелдерге тәуелсіз алдын ала белгілі болған немесе кепілдендірілген табыстардың барлығына сыншы келеді.

М. Қахф өсімқорлықтың харам болуының себебі ондағы пайыздың алдын ала белгілі болуымен қатысы жоқ екендігін айтады. Пайыздық мөлшерлемені алдын ала нақты бекітпестен оның мөлшерін нарықтағы өзгерістерге тәуелді етіп қою өсімнің шариғи үкімін жеңілдетпейтіндігі

соның айғағы (Kahf, 2014: 46). Сондай-ақ ислам шариғатында алдын ала белгіленген табыстың бәрі харам деген қағида жоқ. Исламдық қаржы жүйесі сауда, жал және серіктестік секілді үш негізгі қаржы принциптеріне негізделген. Ондағы сауда және жал принциптеріне негізделген қаржы өнімдерінің барлығы табиғатында табыстың алдын ала белгілі болуын талап етеді. Сауда және жал мәмілелеріне қатысты аталмыш талап Құран және сүннетте бекітілген. Сондықтан ислам банктерінің қаржы операцияларынан түсетін табыс түрлерінің барлығын нарықтағы өзгерістерге сәйкес құбылмалы ету шариғат талабы емес. Шариғат бойынша табысты алдын ала белгілеуге шектеу қоятын принцип тек қана мушарака және мудароба сынды серіктестік қаржы өнімдеріне тән (Kahf, 2014: 29).

Исламдық қаржы саласындағы үлестік қатысу қаржы өнімдерінің артықшылықтары туралы теориялар қанша айтылғанмен іс жүзінде нарықта борыштық қаржы өнімдері үстемдік етеді. IFSB халықаралық ұйымы ұсынған ақпаратқа сәйкес 2018 жылдың екінші тоқсанындағы көрсеткіш бойынша мудароба қаржы өнімінің ислам банктерінің активтік операциялар жағындағы қолданылу үлесі 0,5 % құраса, мушараканың үлесі бар болғаны 3,3 % ғана жеткен. Есесіне мурабаха қаржы өнімінің қолданылу жиілігі 36,0 % құраған (Adeyemi, Archer, 2019: 4). Бұл көрсеткіш ислам банктерінің транзакцияларын толығымен үлестік қатысу қаржы өнімдеріне негіздеу туралы теория ислам банктерінің шынайы өмірдегі тәжірибесінен аса көрініс таппағандығын айқындайды.

Н. Сыддиқи бұл жағдайды алғашқы теоретиктер үлестік қаржы мәмілелеріне тән тәуекел аспектілері мен сауда-жал келісімшарттарының қаржы өнімдері ретінде қолданылу әлеуетін ескеруде қалыс қалған, теорияның аталмыш кемшілік тұстары нақты практикаға келгенде айқындалған деп түсіндіреді (Siddiqi, 2006: 6).

Алайда Ә. Дәууаба мұны теориядан емес практикада көреді. Ә. Дәууабаның айтуынша, үлестік қатысу өнімдерінің қолданыссыз қалуының себебі теорияның тиімсіздігінде емес, керісінше практиктердің теорияны тиісті дәрежеде басшылыққа алмауында. Оның ойынша, теориялық негіздер толық қалыптасып үлгермей жатып практиктердің ерте іске кірісіп кетуі ислам банктерінің бастапқы мақсат-міндетінен ауытқып кетуіне себеп болды (Dawaba, 2007: 13,15).

Әсілі, бұл мәселе ислам банктері таза қаржы делдалдық (қаржы делдалдығы – коммерциялық банктерге тән уақытша бос ақшалай қаражаттары бар адамдардың салымдарын жинақтап, керісінше қаржылай дефицит көріп жүрген тараптарға орналастыру қызметі) институттар болуы керек пе әлде нарыққа тікелей қатысушы инвестициялық ұйымдар ретінде қызмет атқару керек пе? деген ислам банктерінің функционалдық міндетін анықтауға байланысты қарама қайшы пікірлерден туындайды. Ислам экономистерінің көпшілігі ислам банктерін қаржы делдалдық институттар деп есептеуге басымдық бергеніне қарамастан кейбір зерттеушілер оларға делдалдықтан тыс қызметтерді жүктеуде. М. Қахфтың айтуынша, банк институтының табиғаты түрлі бәсекелестік жағдайлар мен тұрақсыз өзгерістерге тәуелді нарыққа тікелей араласуға бейімделмегендіктен ислам банктерінің қаржылық делдалдық функциясына шектелгендігі дұрыс (Kahf, 2004: 5,6).

Қаржы делдалдығы қызметін ұсыну исламда құпталған істер қатарына жатады. Сондай-ақ қаржы делдалдығы қызметі дәл бүгінгідей болмаса да орта ғасырларда түрлі форматтарда көрініс тауып, ислам ғұламаларының тарапынан мақұлданған. Мысал ретінде классикалық фикһ кітаптарында кездесетін «*القضائر بـيـنـتـارـبـ* – мудариб иудариб» мәселесін атап өтуге болады (Iqbal, Molyneux, 2005: 18)

Ал мудароба және мушарака секілді үлестік қаржы өнімдерінің қолданыс аясына келсек, әрине аталмыш мәмілелердің экономикадағы рөлін ешкім жоққа шығармайды. Үлестік қаржы қатынастары бұрынғы заманнан қазіргі күнге дейін түрлі институттар аясында әркелкі формаларда өз қолданысын тауып келеді. Исламдық қаржы саласында мушарака және мудароба мәмілелері банктің бастапқы капиталын қалыптастыруда және нарықтағы артық ақшалай қаражаттарды жұмылдыруда, яғни депозиттік шоттарда кең қолданылатындығы белгілі. Дегенмен аталмыш қаржы өнімдерін коммерциялық ислам банктерінің активтік операциялары (қорларды үлестіру) жағында қолданудың шынында жоғарыда атап өткендей қолайсыз жақтары бар. Үлестік қаржы өнімдері арқылы бизнесті қаржыландыру тек қаржылық делдалдық қызметін атқаруға дағдыланған коммерциялық банктердің функционалды ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Сондықтан үлестік қаржы мәмілелерінің исламдық қаржыдағы қолданылу үлесін арттыру үшін ком-

мерциялық банктерден бөлек исламдық инвестициялық және венчурлік қорлар секілді бизнестік жобалардың қаржыландыруға арнайы маманданған институттарды ашуға ешқандай кедергі жоқ (Iqbal, Molyneux, 2005: 125). Себебі бос ақшалай қаражаттарын венчурлік қорларға салатын инвесторлар басынан жоғары нарықтық қатерлерге дайындалып, үлкен тәуекелдерге бел буады. Сәйкесінше бизнес жоба сәтті аяқталған жағдайда банктік депозитке қарағанда әлдеқайда жоғары табысқа қол жеткізеді. Осы тұрғыдан қарағанда ислам банктерінің банктік табиғатына сәйкес келмейтін қызмет түрлерін соған арнайы маманданған өзге қаржы институттарға үлестіру өмірлік нақты жағдаяттарға негізделген шешім болып табылады. Сонда нарықтық тәуекелдерге дайын емес инвесторлар бос қаражаттарын ислам банктерінің депозиттеріне салса, көбірек табысқа үміт етуші тәуекелшіл инвесторлар үшін исламдық венчурлік қорларға жүгіну таңдауы болады.

Екінші жағынан қарағанда, мурабаха секілді борыштық қаржы өнімдерінің ислам банктерінің негізгі қаржы өніміне айналуы олардың мінсіздігін білдірмейді. Ислам банктерінің тек қана мурабаха қаржы өнімімен шектелуінің жағымсыз жақтары да жоқ емес. Олардың бірі – мурабахадан туындаған міндеттемелердің өтімсіздігі (неликвидность). Шарифат нормаларына сәйкес борыштық қатынас тудырушы қаржы өнімдерінен қалыптасқан активтерді секьюритилендіруге тыйым салынған. Басқаша айтқанда борыштық қаржы өнімдері аты айттып тұрғандай банкпен клиенттер арасында борыштық қатынас туғызады. Сәйкесінше ислам банктері клиенттерінің борыштық міндеттемелерін екінші нарыққа сатуға ұсына алмайды, себебі шарифатта қарызды сатуға тыйым салынады. Мұны исламдық қаржы индустриясында екінші нарықтың дамуына кедергі келтіруші негізгі себеп ретінде қарастыруға болады. Ал үлестік қатысу қаржы өнімдері арқылы туындаған серіктестік қатынастарды секьюритилендіруге шарифат тұрғысынан шектеу жоқ. Яғни мушарака немесе мудароба арқылы қалыптасқан банктік активтер екінші нарыққа ұсынуға бейімділігі жағынан жоғары өтімділікке ие (Iqbal, Molyneux, 2005: 125).

Қорытынды

Қорыта айтқанда дәстүрлі банктердегі қаржы операциялары пайыздық несиеге негізделуі

мұсылман қоғамының наразылығына тап болды. Пайыздық несие беру шарифат нормаларына қайшы болғандықтан, фикһ ғұламалары мен мұсылман экономистер балама қаржы жүйесін қарастырып, түрлі теориялар ұсына бастады. Исламдық қаржы жүйесіне қатысты теориялардың әркелкі болуы бірінші кезекте өсімқорлықтың тыйымына қатысты түсіндірмелердің әртүрлігімен байланысты деген қорытындыға келуге болады.

Сондай-ақ ғалымдардың өсімге балама исламдық қаржы өнімдері туралы теорияларының әркелкі болуы жоғарыда талқыланып өткендей түрлі пікірталастар тудырды. Жалпылама алғанда зерттеушілердің бір бөлігі борышқа негізделген қаржы өнімдеріне басымдық берсе, енді бір бөлігі үлестік қатысу қаржы өнімдерін артық санауда. Дегенмен қарастырылған мәселені саралай келе объективті баға беретін

болсақ, ислам банктеріне ұсынылған аталмыш қаржы өнімдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар деген ой қорытуға болады.

Мақалада жүргізілген салыстырмалы талдаудан борыштық қаржы өнімдеріне тән артықшылық үлестік қатысу өнімдерінде жоқтығын, керісінше үлестік қатысу өнімдеріне тән артықшылықтың борыштық қаржы өнімдерінен табылмауын байқаймыз. Бұдан аталмыш екі топқа кіретін қаржы өнімдерін бір-біріне қайшы қоюға немесе бірін екіншісінен абсолютті түрде артық деп санауға болмайтындығын түсінеміз. Бірінің тиімді атқарған функциясын екіншісі толық атқара алмау себепті бір-бірін толықтырушы өнімдер ретінде қарастырған жөн. Олардың әрқайсысын өз табиғатына сәйкес тиімді бағытта қолданудың тетіктерін қайта қарастырып одан әрі жетілдіру исламдық қаржы жүйесін дамуына жаңа серпіліс берер еді.

Әдебиеттер

- Adeyemi A., Archer S. (2019) Risk sharing in Islamic banks. IFSB working paper series. Technical and Research Department. – Kuala Lumpur. – 44
- Ahmad A. (1993) Contemporary Practices of Islamic Financing Techniques. IRTI Research Paper No. 20. Jeddah: IRTI (Islamic Development Bank). – 43.
- Ali M.A. and Hussain T. (2016) Equity Based Finance: A Product Development Perspective. Journal of Global Business and Social Entrepreneurship, vol. 1, no.1. – 119-127.
- Al-Jarhi M. (2013) Gaps in the Theory and Practice of Islamic Economics. Jidda, Saudi Arabia. Journal of King Abdulaziz university: Islamic Economics, vol. 26, no. 1. – 43-254.
- Al-Suwailem S. (2009) Qadaia fil-iqtisad wat-tamuil. International Islamic Bureau for Economics & Finance. Daru Kunuz wa Shibiliya. – 520.
- Dawaba, A. (2007) Dirasaat fit-tamuil al-islami [Studies in Islamic Finance]. – Cairo: Daru as-Salam. – 257.
- Chapra M.U. (1985) Towards a Just Monetary System, London: The Islamic Foundation. – 299.
- Fahim Khan M. (1991) Time value of money and discounting in Islamic perspective. Review of Islamic Economics, vol. 1, no. 2. – 35-45.
- Iqbal M. and Molyneux P. (2005) Thirty Years of Islamic Banking: History, Performance and Prospects. Antony Rowe Ltd, Chippenham and Eastbourne. Great Britain. – 209.
- Islahi A. (2009) Four generation of Islamic economists. Journal of King Abdul Aziz university Islamic Economics. Vol.23 No. 1. – 165-170.
- Ismail A. (2002) The deferred contracts of Exchange: Al Qur'an in Contrast with Islamic Economics, Theory of Banking and Finance. Malaysia: Institute of Islamic Understanding. – 78.
- Kahf M. (2004) Islamic Economics, what went wrong? http://monzer.kahf.com/papers/english/ISLAMIC_ECONOMICS_what_went_wrong_SEPT_03_IRTI.pdf
- Kahf M. (2011) Asassiyatu tamuul islami [Fundamentals of Islamic Finance]. Kuala Lumpur, International Shari'ah Research Academy for Islamic Finance. – 391.
- Kahf M. (2014) Notes on Islamic Economics: Islamic Finance and Banking. Great Britain. – 478.
- Kahf M., Khan T. (1992) Principles of Islamic financing: A survey. IRTI. – 47.
- Mervyn K. L. (2015) Models of Islamic Banking: The Role of Debt and Equity Contracts. KJAU: Islamic Economics., vol. 28. No. 1. – 151-164.
- Monzer K. (2001) Hiuwar haula al-uwasata al-maaliya wa al-masaarif al-islamiya [Dialogue on financial intermediation and Islamic expenses]. Journal of King Abdul Aziz university Islamic Economics, vol. 13. – 91-99.
- Siddiqi N. (2006) Islamic Banking and Finance in Theory and Practice: a survey of state of the art. Islamic Economic Studies, vol. 13, No.2. – 1-46.
- Taqi Usmani M. (1998) An introduction to Islamic Finance. Karachi: Idaratu Maarif https://muftitaqiusmani.com/books/english/pdf/An_Introduction%20to_Islamic_Finance.pdf
- Vogel, F., and Hayes S. (1998) Islamic Law and Finance: Religion, Risk and Return. Kluwer Law International. The Hague. The Netherlands. – 348.